

**«М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ»
«Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитеті» мәжілісінің
№ 1 хаттамасы**

Тараз қаласы

27.09.2024 ж.

Қатысқандар:

Есимова Ш.А., Дарибаев Ж.Е., Балкибаева Г.А., Иржанова Г.Ж., Алимбетова Г.С., Турарова А.Н., Исабекова Г.Б., Тасуов Б.Т., Шардарбек М.Ш., Ернишев К.А., Нурпеисов М.К., Турсыналиева Ж.Р., факультеттердің сапаны қамтамасыз ету комиссияларының төрағалары

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және бекітуге ұсыну туралы.
2. Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің жылдық жоспарын бекіту туралы.
3. Ішкі НҚ: Сапа жетекшілігі, Сапаны қамтамасыз ету концепциясы, университет стандарттарын актуализациялау туралы.
4. Әр түрлі мәселелер:
 4. 1. М.Х.Дулари атындағы Тараз университетінің сапа саласындағы саясаты бекітуге ұсыну;
 4. 2. «М.Х.Дулари атындағы Тараз университеті» ҚЕ АҚ 2024-2025 оқу жылына арналған сапа саласындағы мақсаттарын бекітуге ұсыну;
 4. 3. Университетте 2024-2025 оқу жылында Ішкі аудиттерді өткізу жоспарын бекітуге ұсыну.

Тыңдалды.

1-ші мәселе бойынша Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Балкибаева Гулзира Амангелдіқызы сөз алып, 29.12.2023ж. № 15-37/7-1.2/483 бұйрық негізінде бекітілген комитет ережесі 5.2, 5.3-тармақтарының талаптарын орындау мақсатында Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің құрамын бекіту туралы ұсыныс жасады:

1. Есимова Шолпан Алтынбековна - Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор, Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің төрайымы;
2. Турарова Айсулу Нурдуновна - Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;
3. Исабекова Гулнур Болатбековна - Филология және гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы, Халықаралық ынтымақтастық орталығының басшысы;
4. Шардарбек Мухамеджан Шардарбекулы - Технологиялық факультетінің деканы;
5. Ернишев Қайрат Асылбекұлы - Экономика және құқық факультетінің деканы;
6. Тасуов Болат Тасуович - Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы;
7. Нурпеисов Мухаметжан Кенжетаевич - Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің деканы;
8. Дарибаев Жанали Еркінбекович - Стратегиялық даму басқармасының басшысы;
9. Иржанова Гульжан Дженисбекқызы - Кітапханалық-ақпараттандыру орталығының директоры;
10. Балкибаева Гулзира Амангельдиевна - Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы;
11. Алимбетова Гульжан Сырғабаевна - Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығының басшысы;

12. Турсыналиева Жәния Рашидқызы – хатшы-референт, Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің хатшысы.

Төрайым: Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитет мүшелері, осы сұрақ бойынша сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз барма?

Дарибаев Ж.Е.: Сапа мәселесіне қатысты сұрақтар, негізінен, университеттің барлық құрылымына қатысты. Сондықтан, факультет басшыларынан басқа негізгі 3 бағытты, яғни оқу-ғылым-тәрбие бағыт бойынша өкілдер де сапа комитеті құрамында болғаны дұрыс. Академиялық, Ғылым департаменті және Әлеуметтік жұмыс басқармасы басшыларын комитет мүшелігіне косуды ұсынамын:

1. Алимбаева Сауле Курмантаевна - Академиялық жұмыс жөніндегі департамент директоры;

2. Кабдушев Арман Арыстанғалиевич - Ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры;

3. Ұлтанбаев Арнат Бегдалыұлы - Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы.

Төрайым: Жаксы, басқа сұрақ-ұсыныс жоқ болса дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім:

Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып бекітуге ұсынылсын. Жауапты: бөлім басшысы - Балкибаева Г.А.

2-ші мәселе бойынша Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Жанәлі Еркінбекұлы сөз алды: Құрметті комитет мүшелері, назарларыңызға Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің жылдық жоспарын бекітуге ұсынамыз. Егер Сапа комитетінде қаралуы тиіс университет үшін барлық саланы қамтитын ірі мәселелер ағымдағы жылда шығып жатса, әр түрлі мәселелер арқылы қосымша ендіріп, бұл жиынның күн тәртібіне қосуға болады. Жылдық жоспар жобасы сіздерге алдын ала танысуға жіберілген болатын. Жоспарға қатысты ұсыныстарыңыз болса айтыңыздар.

Тасуов Б.Т.: Ішкі және сыртқы аудит нәтижелерін талдау туралы сұрақты қараша айына ауыстырсақ.

Дарибаев Ж.Е.: Ол мәселе бойынша мынаны айтқым келеді. Ішкі аудит тек күзде ғана емес, жыл бойы жүруі мүмкін. Оның үстіне біз бірінші кезеңде, күзде сұраныс бойынша студенттік жатақханаларды, асханаларды тексеріп шықтық. Ал екінші - кешенді, жан жақты қамтылған аудитті әдетте қаңтар айындағы демалыс кезінде, ПОҚ құрамының жұмысы азайған уақытта жүргізетін боламыз. Ал қаңтардың қорытындысын талқылаулардан соң, яғни ақпан айында қорытындылай аламыз. Сондықтан, талқылауды қараша айына жылжыту қиын болады. Тіптен, егер ақпан айында кейбір мәселелерге үлгермей жатсақ, талдаулар нарыз айына ауыстырылуы мүмкін.

Төрайым: Комитет мүшелері, комитеттің жылдық жоспарына басқа қосатын сұрақ-ұсыныстарыңыз жоқ болса онда дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім:

Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің жылдық жоспары бекітілсін. Жауапты: басқарма басшысы – Дарибаев Ж.Е.

3-ші мәселе бойынша Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Г. Балкибаева сөз алды:

Құрметті комитет мүшелері, назарларыңызға өзектендіруге жататын ішкі нормативтік құжаттарды ұсынамын. Бұл жерде Білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесінің тұжырымдамасы мен «Университет ішкі сапасын қамтамасыз ету жүйесі» туралы ереженің аяқталу мерзімдері бітпесе де, екі құжат бітіріктіріліп, бір құжат, яғни «**Білім беру**

сапасын қамтамасыз ету жүйесінің тұжырымдамасы» әзірленді. Бұл тұжырымдаманың негізгі өзгеріс енгізілген жері – университеттің қайта құрылуына байланысты университет атауынан «өңірлік» деген сөзді алып тастауымыз. Сондай-ақ тұжырымдама Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын жасауға, мазмұндауға және рәсімдеуге қойылатын талаптар стандартына сәйкестендірілді. Бұрыннан қолданыста болып келген тұжырымдама 4 бөлімнен тұрса, қазір ол 9 бөлімнен тұрады.

Сапа жөніндегі нұсқаулық 2020 жылы бекітілген болатын, қазіргі таңда қолданыс мерзімі аяқталуда, сондықтан оны жаңартуымыз қажет және де бұл құжаттың орысша нұсқасы мен қазақша нұсқасы бір-біріне сәйкестендерілді. Жалпы, 2020 ж. бекітілген нұсқаулық 13 бөлімнен тұрса, қазір сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған нұсқаулық 12 бөлімді қамтиды. Онда бөлімдердің атаулары, университет атауы жаңартылды және күші жойылған НҚА орнына заңды күші бар НҚА қолданылды. Сапа жөніндегі нұсқаулықты **«Сапа жөнінде жетекшілік»** деген атаумен бекітуге ұсынып отырмыз.

Сонымен қатар, университеттің 2020 ж. бекітілген 6 стандарты, атап айтқанда, мерзімдері 2023 ж. аяқталған УСТ 01 «Құжатталған ақпаратты басқару» Университет стандарты, УСТ 02 «Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын жасауға, мазмұндауға және рәсімдеуге қойылатын талаптар» Университет стандарты, УСТ 03 «Ішкі аудит» Университет стандарты, УСТ 04 «Персоналды басқару» Университет стандарты, УСТ 05 «Түзетуші әрекеттер» Университет стандарты, УСТ 06 «Басшылық тарапынан талдау» Университет стандарты – осы Университет стандарттары өзектендірілді.

Құрметті комитет мүшелері, өзгеріске ұшырайтын барлық құжаттар пабликке салынған болатын, олармен танысқан боларсыздар, сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз болса, тыңдауға әзірміз.

Төрайым: Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің мүшелері, осы сұрақ бойынша сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма?

Дарибаев Ж.Е.: Бұл өзгеріске ұшырап отырған барлық ішкі нормативтік құжаттар былтырғы оқу жылы соңынан бастап қолға алынған, өзектендіруге жататын құжаттар болып табылады. Қазіргі таңда оларға қатысты біраз жұмыстар орындалды. Ережелерді қарап шықтық, осыған дейін СМЖ талаптарын сақтамай рәсімделіп кеткен жерлерінің бәрі реттелді, құжаттаманы жасауға, мазмұндауға және рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкестендірілді. Тіркеу журналына нөмір беру мәселесі де қарастырылды. Бекітуге ұсынуға болады.

Төрайым: Жақсы, басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім:

Ішкі нормативтік құжаттар: «Сапа жөнінде жетекшілік», «Білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесінің тұжырымдамасы», университеттің 6 стандарты: УСТ 01, УСТ 02, УСТ 03, УСТ 04, УСТ 05, УСТ 06 құжаттарының осы толықтырулар мен өзгерістер енгізілген нұсқалары бекітілсін. Осы өзектендірілген ішкі нормативтік құжаттардың барлығын 2 тілде дайындап, бекіту және тіркеу үшін жауапты бөлім басшысы – Балкибаева Г.А.

4-ші әр түрлі мәселелер бойынша Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Жанәлі Еркінбекұлы және Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Балкибаева Гүлзира Амангелдіқызы сөз алды:

Дарибаев Ж.Е.: Құрметті комитет мүшелері, назарларыңызға М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің сапа саласындағы саясаты мен 2024-2025 оқу жылына арналған сапа саласындағы мақсаттарын талқылауға ұсынамын.

Біріншіден, сапа саласындағы саясаттың 3 тілдегі нұсқасы пабликке салынған болатын. Естеріңізде болса, сапа саясатының қолданыстағы нұсқасы 2021 жылы бекітілген, ал қазір өзгерістер мен түзетулер енгізіп, талқылауға бекітуге ұсынып отырмыз. Сапа

саясатына Дулати университетінің миссиясы, келешек келбеті жазбалары қойылды. Дулати университеті сапа саласындағы саясатында оқу орнының тұрақты дамуын қамтамасыз ету және оның білім беруде, ғылыми-зерттеу және сараптамалық-талдау қызметінде, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени саламен ресурстармен қамтамасыз ету мәселелерінде бәсекелестік артықшылықтарды нығайтуды стратегиялық мақсат етеді.

Ұлттық және аймақтық мақсаттарға, Қазақстан Республикасы мен әлемдік қоғамдастықтың алдында тұрған жаһандық міндеттерге сәйкес, Дулати университеті білім беру үдерісінде төмендегі бағыттарға басымдық береді:

- Басқарудағы процестік тәсіл;
- Үздіксіз оқыту мен өмір бойы білім алу;
- Жалпы цифрландыру;
- Жаппай ашық онлайн курстарды дамыту;
- Жасанды интеллектті дамыту;
- Белсенді жобалық жұмыспен айналысу;
- Agile және Scrum технологияларын қолдану;
- Адаптивті оқытуды мен пәнаралық оқыту;
- Деректерді басқару және аналитикалық платформалар құру;
- Инновациялық ғылыми экожүйені дамыту;
- Кәсіпкерліктің экожүйесін құру.

Дулати университеті ISO 9001-2015 халықаралық сапа стандарты, ESG стандарттары шеңберінде мүдделі тараптардың талаптарын қанағаттандырады, қолданыстағы сапа менеджменті жүйесін ұдайы жетілдіреді және сапа саясатын жүзеге асыруға барлық қызметкерлерді жұмылдыра отырып, жақсарту жұмыстарын жүргізеді.

Дулати университетінің жоғары басшылығы осы сапа саясатын жүзеге асыруда көшбасшы болып табылады, мәлімделген сапа саясатына қол жеткізуде корпоративтік жауапкершілікті алады.

Екіншіден, сапа саласындағы мақсаттарға келсек, ол әр оқу жылы сайын жаңартылып отыруы тиіс. Халықаралық ISO 9000:2015 стандарттың талаптары, СМЖ талаптары бойынша жаңарып отыратын құжат болып табылады. Даму бағдарламасындағы және құрылымның жылдық жоспарындағы негізгі тиісті көрсеткіштер осы сапа мақсаттарында көрініс табуы тиіс.

Балкибаева Г.А.: Құрметті комитет мүшелері, назарларыңызға университетте 2024-2025 оқу жылында Ішкі аудиттерді өткізу жоспарын талқылап, бекітуге ұсынамын.

Халықаралық ISO 9000:2015 стандарттың талаптарына сәйкес университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері, факультеттер мен кафедраларында кешенді ішкі аудит жүргізу 2025 жылдың 13-17 қаңтары аралығында жоспарланды. Осы жоспармен қатар қосымша ISO 9001:2015 Халықаралық стандартының 9.2 бабына сәйкес «Ішкі аудиттің» бағдарламасы дайындап бекітуге ұсынылады. Басқарма төрағасы - ректордың бұйрығы негізінде «Ішкі аудит» УСТ 03 университет стандартының 7; 10 тармақтарына сәйкес Аудиторлық топтар бекітіледі. Алып қосар ұсыныстарыңыз бар ма?

Төрайым: Құрметті Комитет мүшелері, осы мәселе бойынша сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма? Ұсыныстарыңыз болмаса, М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің сапа саласындағы саясатын және 2024-2025 оқу жылына арналған сапа саласындағы мақсаттарын, 2024-2025 оқу жылында Ішкі аудиттерді өткізу жоспарын бекітуге ұсынамын. Дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жок. Бірауыздан қабылданды.

Шешім:

4.1. М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің сапа саласындағы саясаты бекітілсін.

4.2. «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» ҚЕ АҚ 2024-2025 оқу жылына арналған сапа саласындағы мақсаттары бекітілсін.

4.3. 2024-2025 оқу жылында Ішкі аудиттерді өткізу жоспары бекітілсін.

Жауаптылар: Стратегиялық даму басқармасының басшысы – Дарибаев Ж.Е. және Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Балкибаева Г.А.

Төрайым



Ш.Есимова

Хатшы



Ж.Турсыналиева